

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



БГПУ  
им. М. Ақмуллы



«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
<b>3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері</b> <b>3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию</b> <b>3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education</b>		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқулова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқулова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимкулова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубакова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малгайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамымауы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керимбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

ӘОЖ 37.013.42:364-78  
БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІ СЕРВИС-ЛЕРНИНГ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ВОЛОНТЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ  
ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Қостай Дана Талғатқызы

«Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасының 1 курс PhD докторанты

E-mail: [danakostay@gmail.com](mailto:danakostay@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтердің сервис-лернинг (технологиясы негізіндегі волонтерлік іс-әрекетке кәсіби даярлығы құзыреттілікке негізделген, тұлғаға бағдарланған және тәжірибеге негізделген білім беру парадигмасы контекстінде қарастырылады. Зерттеуде Қазақстандағы волонтерлік қозғалыстың институционалдану үдерісі ресми статистикалық деректер негізінде сипатталып, Финляндия мен АҚШ сияқты елдердегі сервис-лернингтің теориялық-концептуалдық модельдері және әлеуметтік педагогика дәстүрі аясында қалыптасқан халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талданады. Сервис-лернингтің болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін, азаматтық жауапкершілік пен рефлексивтік практика мәдениетін дамытудағы әлеуеті ғылыми тұрғыда негізделіп, жоғары білім беру бағдарламаларына интеграциялау бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** *сервис-лернинг, тәжірибеге негізделген оқыту, әлеуметтік педагогика, волонтерлік іс-әрекет, кәсіби құзыреттілік, рефлексивтік практика, құзыреттілікке негізделген тәсіл.*

**Annotation.** The article examines the professional preparation of future social pedagogues for volunteer activities through service-learning technology within the framework of competency-based, learner-centred, and experiential learning paradigms. The institutionalization of the volunteer movement in Kazakhstan is described based on official statistics and contrasted with international practices in Finland and the USA grounded in service-learning and social pedagogy traditions. The potential of service-learning in fostering professional competence, civic responsibility, and reflective practice among future social pedagogues is theoretically substantiated, and practical recommendations are proposed for integrating service-learning into higher education curricula.

**Keywords:** *service-learning, experiential learning, social pedagogy, volunteering, professional competence, reflective practice, competency-based approach.*

### Кіріспе

XXI ғасырдағы жоғары білім беру кеңістігі конструктивистік, тәжірибеге негізделген және құзыреттілікке бағдарланған парадигмаларға көшуімен сипатталады, бұл болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлығы моделін қайта ойластыруды талап етеді [1, 2]. Әлеуметтік педагогика тұжырымдамасы негізінде әлеуметтік педагог жеке тұлғаның, қауымдастықтың және қоғамның әлеуметтік әл-ауқатын, әлеуметтік инклюзия мен әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған холистік, қатынастық кәсіби қызмет атқарады [3, 4].

Осындай күрделі әлеуметтік-педагогикалық контексте сервис-лернинг технологиясы білім алушының шынайы әлеуметтік ортадағы қоғамдық-маңызды қызметке қатысуын және осы тәжірибені жүйелі рефлексивтік тал ерекше формасы ретінде айқындалады [5, 6]. Дж. Дьюидің прагматикалық философиясы мен Д. Колбтың тәжірибелік оқыту теориясы сервис-лернингтің әдіснамалық базасын құрай отырып, «әрекет пен рефлексияның диалектикалық бірлігі» арқылы білімнің трансформациялық сипатын негіздейді [5, 7].

Қазақстан Республикасында волонтерлік қозғалыстың қарқынды дамуы, ресми деректер бойынша волонтерлер санының 2020 жылғы шамамен 50 мыңнан 2026 жылы 300 мыңнан астам адамға дейін өсуі, волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар желісінің кеңеюі сервис-лернингті болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлығына енгізу үшін институционалдық алғышарттар жасайды [8, 9]. Зерттеудің ғылыми проблемасы болашақ әлеуметтік педагогтердің волонтерлік іс-әрекетке кәсіби даярлығын сервис-лернинг технологиясы негізінде ұйымдастырудың отандық және халықаралық модельдерін айқындаумен байланысты.

Зерттеудің мақсаты – болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесін

ғылыми-аналитикалық тұрғыдан талдау және оны қазақстандық жоғары білім беру кеңістігіне бейімдеудің жолдарын айқындау.

### Сервис-лернингтің теориялық-концептуалдық негіздері

Сервис-лернинг педагогикалық дискурс тұрғысынан тәжірибелік білім беру, проблемалық оқыту, қауымдастыққа бағытталған оқыту және әрекеттегі зерттеу дәстүрлерімен тығыз сабақтас [5, 6, 10]. А. Фурконың классикалық анықтамасына сүйенсек, сервис-лернинг «оқу мақсаттары мен қоғамға қызмет көрсету нәтижелерінің теңгеріміне қол жеткізілетін» тәжірибелік білім берудің ерекше формасы болып табылады [5].

Д. Колбтың тәжірибелік оқыту моделі сервис-лернинг үдерісін төрт кезеңдік цикл түрінде сипаттайды: нақты тәжірибе, рефлексивтік бақылау, абстрактылы тұжырымдау және белсенді эксперименттеу [7]. Бұл цикл волонтерлік қызметке қатысатын болашақ әлеуметтік педагог үшін: а) нақты әлеуметтік жағдайдағы қатысу; ә) тәжірибені рефлексиялау; б) әлеуметтік-педагогикалық теориялар тұрғысынан талдау; в) жаңартылған кәсіби әрекет стратегияларын апробациялау сатыларын қамтиды.

Әлеуметтік педагогика тұрғысынан сервис-лернинг тұлғаның «өмірлік әлеміндегі» оқытуды күшейтуге бағытталған, әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік инклюзия қағидаттарына негізделген этикалық-педагогикалық практика ретінде түсіндіріледі [3, 4]. Мұндай контексте сервис-лернинг әлеуметтік педагогтің кәсіби «Haltung» (құндылықтық-ұстанымдық позиция) қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде де маңызды рөл атқарады.



*1-сурет – Сервис-лернинг технологиясының циклдік моделі*

### Қазақстандағы сервис-лернинг және волонтерлік дайындаудың отандық тәжірибесі

Қазақстан Республикасында волонтерлік қызметтің құқықтық реттелуі мен инфрақұрылымы «Волонтерлік қызмет туралы» заңмен және 2024–2026 жылдарға арналған волонтерлікті дамыту жөніндегі Жол картасымен нығайтылды [8, 9]. 2024 жыл қорытындысы бойынша елде 755 волонтерлік ұйым, 2 мыңға жуық бастамашыл топ жұмыс істеп, 5 600-ден астам волонтерлік іс-шара жүзеге асырылды; Qazvolunteer.kz ұлттық платформасында 67 мыңнан астам волонтер тіркелді [8]. 2025–2026 жылдарда жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижелері азаматтардың 89%-ы волонтерлік туралы хабардар екенін, әрбір үшінші қазақстандықтың волонтерлік іс-шараларға кемінде бір рет қатысқанын көрсетеді [9].


Жоғары білім беру жүйесінде сервис-лернингті оқу жоспарларына енгізу бағытында алғашқы қадамдар жасалуда. Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары сервис-лернинг бағдарламасын педагогикалық бағыттағы пәндерге кіріктіру, студенттердің волонтерлік рефлексиясын ұйымдастыру, бағалау критерийлерін әзірлеу бойынша модель ұсынды [11]. Ғылыми журналдарда жарияланған еңбектерде сервис-лернинг сабақтастығын қамтамасыз ету үшін пәндер мазмұнына модульдік енгізу, инклюзивті білім беру ұйымдары мен әлеуметтік мекемелермен серіктестік желілерін құру қажеттігі негізделеді [12].

*1-кесте – Қазақстандағы волонтерлік қозғалыстың кейбір индикаторлары (2020–2026 жж.)*

Көрсеткіштер	2020 ж. (бағалау)	2024 ж.	2026 ж. (бағалау)
Волонтерлер саны	≈ 50 000	275 000	300 000+

Волонтерлік ұйымдар саны	≈ 200	755	800+
Іс-шаралар саны	дерек шектеулі	5 600+	7 000+
Qazvolunteer.kz тіркелгендер	дерек жоқ	67 000+	тұрақты өсу

Ескертпе: дерек көздері – Gov.kz, Qazvolunteer.kz, BAQ.kz [8, 9]



2-сурет – Қазақстандағы волонтерлер санының динамикасы (2020–2026 жж., мың адам)

### Халықаралық тәжірибе: Финляндия, АҚШ және әлеуметтік педагогика дәстүрі

Халықаралық зерттеулер сервис-лернингтің әлеуметтік бағыттағы мамандықтарда, соның ішінде әлеуметтік педагогикада, тәжірибелік оқытудың ажырамас компоненті ретінде институционалданғанын көрсетеді [2, 6, 10]. Финляндиядағы қолданбалы ғылымдар университеттерінде «Әлеуметтік қызмет» білім беру бағдарламасында волонтерлік практика 5 ECTS кредиттік модуль ретінде оқу жоспарларына міндетті түрде енгізілген; студенттер үшінші сектор ұйымдарымен бірлескен жобалар арқылы метакогнитивтік, коммуникативтік және этикалық құзыреттерін дамытады [13].

Эмпириялық зерттеулер (n=134) сервис-лернинг аясындағы волонтерлік практика студенттердің рефлексивтік қабілеттерін, кәсіби сәйкестігін және трансверсалдық дағдыларын нығайтатынын көрсетеді [13, 14]. АҚШ университеттерінде сервис-лернинг азаматтық білім беру (civic education) және әлеуметтік-эмоционалдық оқыту тұжырымдамаларымен интеграцияланып, студенттердің көшбасшылық, командалық жұмыс, қоғаммен әріптестік дағдыларын дамытудың негізгі стратегиясы ретінде бағаланады [1, 15].

COVID-19 пандемиясы кезеңінде сервис-лернинг модельдері виртуалды форматтарға (e-service-learning) бейімделіп, қашықтан волонтерлік, онлайн-менторлық, цифрлық ағартушылық жобалар түрінде жүзеге асырылды [16]. Бұл тәжірибе сервис-лернинг технологиясының икемділігін, цифрлық педагогикамен конвергенциялық қабілетін, әлеуметтік педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті [16, 17].

Әлеуметтік педагогика дәстүрі қалыптасқан Еуропа елдерінде Германия, Дания сервис-лернинг кәсіби рефлексияның және супервизияның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады; әлеуметтік педагогтің кәсіби «Haltung» позициясы практикаға енгізілген рефлексивтік сессиялар арқылы қолдау табады [3, 4].

### 2-кесте – Қазақстан және халықаралық сервис-лернинг тәжірибесінің салыстырмалы сипаттамасы

Критерийлер	Қазақстан	Финляндия	АҚШ және Еуропа
Интеграция деңгейі	Пилоттық, фрагментарлық	Оқу жоспарына міндетті	Институционалданған

Теориялық негіздеме	Жекелеген зерттеулер	Тәжірибелік оқыту теориясы	Тәжірибелік білім, демократиялық білім
Ұйымдастыру формалары	Волонтерлік клубтар, жобалар	Кредиттелетін практика (5 ECTS)	Пәндік курстар, action research
Бағалау жүйесі	Шектеулі эмпириялық база	Эмпириялық зерттеулер	Ұзақмерзімді мониторинг
Мақсатты құзыреттер	Инклюзивтілік, әлеуметтік жауапкершілік	Метакогнитивтік, рефлексивтік	Азаматтық белсенділік, SEL, көшбасшылық

### Болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы сервис-лернингтің рөлі

Әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру заманауи педагогикалық ғылымда құзыреттілікке негізделген тәсіл, рефлексивтік практика және тұлғалық-бағдарлы парадигмалар тоғысында қарастырылады [1, 14, 17]. Сервис-лернинг осы үш бағыттың синтезін жүзеге асыра отырып, болашақ әлеуметтік педагогтің келесі құзыреттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді:

– когнитивтік-компоненттік құзыреттер: әлеуметтік педагогика, инклюзивті білім беру, әлеуметтік жұмыс, қауымдастықты дамыту теориялары жөніндегі жүйелі білімді нақты әлеуметтік жағдайларда қолдана білу [3, 4];

– іскерлік-практикалық құзыреттер: волонтерлік жобаларды жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, әлеуметтік әріптестік орнату, қауымдастық ресурстарын мобилизациялау дағдылары [10, 15];

– құндылықтық-рефлексивтік құзыреттер: адам құқығын, әлеуметтік әділеттілікті, инклюзия қағидаттарын мойындау, кәсіби «Haltung» позициясын қалыптастыру, жүйелі рефлексивтік талдау (reflective analysis) жүргізу қабілеті [3, 7, 14].



3-сурет – Болашақ әлеуметтік педагогтің сервис-лернинг негізіндегі кәсіби құзыреттілік моделі

### Қорытынды және ғылыми-практикалық ұсынымдар

Жүргізілген теориялық-концептуалдық және салыстырмалы-талдамалық шолу сервис-лернинг технологиясының болашақ әлеуметтік педагогтерді волонтерлік іс-әрекетке дайындауда жоғары ғылыми-практикалық әлеуетке ие екенін көрсетті. Тәжірибеге негізделген оқыту теориясы, әлеуметтік педагогика, құзыреттілікке негізделген тәсіл аясында сервис-лернинг кәсіби білім, тәжірибелік дағды және құндылықтық-рефлексивтік мәдениеттің біртұтас синтезін қамтамасыз ететін педагогикалық механизм ретінде айқындалды [1, 5, 7].

Қазақстандағы волонтерлік инфрақұрылымның қарқынды дамуы – волонтерлер саны мен ұйымдар желісінің кеңеюі – сервис-лернингті жүйелі енгізу үшін қолайлы институционалдық жағдай жасайды [8, 9]. Алайда, халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, сервис-лернингтің оқу жоспарларына міндетті кредиттелетін модуль ретінде

енгізілуі, нәтижелерді жүйелі ғылыми мониторингтеу мен бағалау тетіктері толық қалыптаспай отыр [11, 12].

Осыған орай мынадай ғылыми-практикалық ұсынымдар тұжырымдалады:

1. «Әлеуметтік педагогика», «Әлеуметтік жұмыс», «Педагогика және психология» білім беру бағдарламаларына сервис-лернингке арналған дербес кредиттелетін модуль (кемінде 5 ECTS) енгізу; модульді Д. Колбтың тәжірибелік оқыту циклі (experiential learning cycle) және әлеуметтік педагогика қағидаттарына негіздеу [7, 13].

2. Qazvolunteer.kz ұлттық платформасы мен ЖОО-лардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау арқылы студенттердің волонтерлік белсенділігін, сервис-лернинг жобаларын және рефлексивтік есептерін тіркейтін бірыңғай мониторинг жүйесін қалыптастыру [8].

3. Педагогикалық кафедралар жанынан инклюзивті білім беру ұйымдары, әлеуметтік қорғау мекемелері, ҮЕҰ-лармен ұзақ мерзімді әріптестікке негізделген сервис-лернинг орталықтарын ұйымдастыру [4, 12].

4. Сервис-лернингтің кәсіби құзыреттілікке, азаматтық белсенділікке және әлеуметтік инклюзияға ықпалын зерттеуге бағытталған ұлттық ғылыми бағдарламалар мен библиометриялық зерттеулер (bibliometric analysis) әзірлеу [2, 17].

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. Martínez-Heredia N. et al. Exploring Inequality Through Service Learning in Higher Education: A Bibliometric Review Study // *Frontiers in Psychology*. – 2022. – Vol. 13. – 826341.

2. Hallinger P., Narong D.K. A Bibliometric Review of Service Learning Research, 1950–2022 // *Journal of Experiential Education*. – 2024. – doi: 10.1177/10538259241245137.

3. Thempra Social Pedagogy. What is Social Pedagogy? [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.thempra.org.uk/social-pedagogy/> (қаралған күні: 15.02.2026).

4. Cameron C. *Social Pedagogy: Current Understandings and Opportunities* // Thomas Coram Research Unit. – London, 2016.

5. Furco A. *Service-Learning: A Balanced Approach to Experiential Education* // *Expanding Boundaries: Serving and Learning*. – Washington: CNSS, 1996. – P. 2–6.

6. Bringle R.G., Hatcher J.A. *Implementing Service Learning in Higher Education* // *The Journal of Higher Education*. – 1996. – Vol. 67(2). – P. 221–239.

7. Kolb D.A. *Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development*. – 2nd ed. – New Jersey: Pearson Education, 2015. – 390 p.

8. 2024 жыл қорытындылары: Қазақстандағы волонтерліктің жаңа көкжиектері // *Gov.kz*. – 2024. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/902358>.

9. Қазақстанда 300 мыңнан астам адам волонтерлікпен айналысады // *BAQ.KZ*. – 2026. – URL: <https://baq.kz/qazaqstanda-300-mynnan-astam-adam-volonterlikpen-aynalsady-200029338/>.

10. Jacoby B. *Service-Learning in Higher Education: Concepts and Practices*. – San Francisco: Jossey-Bass, 1996. – 416 p.

11. Жұмаш Г. et al. *Adapting the Service-Learning Program into the Educational System* // *ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика сериясы*. – 2023.

12. Вопросы интеграции Service Learning в существующие дисциплины // *Высшая школа Казахстана*. – 2023. – №44(4). – С. 34–46.

13. Kääriäinen M. et al. *Learning through Service and Volunteerism: The Pedagogical Model in Finland* // *IJRDO Journal of Educational Research*. – 2019. – Vol. 4(6). – P. 17–31.

14. Choi Y. *Exploring key service-learning experiences that promote learning* // *Frontiers in Psychology*. – 2023. – Vol. 14. – 1108539.

15. Rustic Pathways. *37 Service Learning Statistics That Prove It Works in 2026* [Электронды ресурс]. – URL: <https://rusticpathways.com/impact/service-learning-statistics>.

16. Khiatani P.V. et al. *Service-learning under COVID-19: A scoping review* // *International Journal of Educational Development*. – 2023. – Vol. 100. – 102813.

ӘОЖ 376:004

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақсұт Ерзада Нұрболатқызы

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты,

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор П.Б. Сейітқазы

[newstorypage14@gmail.com](mailto:newstorypage14@gmail.com)

### Аннотация.

Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданудың тиімділігі кешенді түрде қарастырылады [3]. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың, атап айтқанда көру, есту және сөйлеу қабілеттері бұзылған, аутизм спектрі бұзылысы бар, сондай-ақ зейін деңгейі төмен оқушылардың оқу процесіндегі танымдық белсенділігін арттыру мәселелері талданады [6]. Сонымен қатар, білім сапасын жақсарту және білім алушылар үшін жеке білім беру траекториясын қалыптастырудағы жасанды интеллекттің рөлі айқындалады [4]. Цифрлық білім беру құралдарының педагогикалық мүмкіндіктері сараланып, олардың негізгі артықшылықтары ретінде оқытуды дараландыру, білім нәтижелерін автоматты бағалау және интерактивті білім беру ортасын қалыптастыру ерекшеліктері көрсетіледі [5]. Қазақстан Республикасындағы жасанды интеллект технологияларын қолдану тәжірибесіне талдау жасалады [1].

### Annotation.

The effectiveness of artificial intelligence (AI) technologies in inclusive education systems is comprehensively examined [3]. Particular attention is given to enhancing the cognitive activity of students with special educational needs, including those with visual, hearing, and speech impairments, autism spectrum disorders, as well as learners with attention difficulties [6]. The role of AI in improving the quality of education and in designing individualized learning trajectories is also emphasized. The pedagogical potential of digital educational tools is analyzed, highlighting their key advantages such as personalized instruction, automated assessment, and the creation of interactive learning environments [5]. Practical applications of AI technologies in the context of the Republic of Kazakhstan are also considered [1].

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, жасанды интеллект, ерекше білім беру қажеттілігі, танымдық белсенділік, цифрлық технологиялар.

**Keywords:** inclusive education, artificial intelligence, special educational needs, cognitive activity, digital technologies, personalized learning.

### Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды цифрландыру кезеңін бастан өткеруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы оқыту мазмұнын жаңартуға, білім беру процесін икемді ұйымдастыруға және әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге кең мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды оқытуда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесі барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беруді көздей отырып, олардың жеке қажеттіліктерін, қабілеттерін және даму деңгейін ескеруге бағытталады [3]. Осы тұрғыда жасанды интеллект технологиялары оқыту процесін дараландыруға, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу материалын меңгеру сапасын жақсартуға ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Жасанды интеллект білім беру процесін тек автоматтандырып қана қоймай, оны оқушыға бағытталған, икемді және бейімделген жүйеге айналдыруға мүмкіндік береді [6].

Инклюзивті білім беру – барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға сапалы білім алуға тең мүмкіндік беретін білім беру моделі. Бұл модельдің басты мақсаты – әрбір білім алушының әлеуетін толық ашу, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау және білім алу барысында кездесетін кедергілерді азайту. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар қатарына көру, есту, сөйлеу қабілеттері бұзылған, тірек-қимыл аппараты зақымданған, зейін тұрақсыздығы немесе есте сақтау қабілеті төмен, сондай-ақ